



Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 301 қаулысымен бекітілген Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесіне өзгерісті бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 29 қыркүйек N 376 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 9 қарашада тіркелді. Тіркеу N 1671. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 228 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының заңды және жеке тұлғалардан ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдау мерзімін ұзарту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 301 V001232_ қаулысымен бекітілген Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесіне өзгеріс бекітілсін және осы өзгеріс пен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы (Мәжитов Д.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 301 қаулысымен бекітілген Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесіне өзгерісті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 301 қаулысымен бекітілген Айналыстағы ұлттық валютаның ақша

белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесіне

өзгерісті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі
Басқармасының 2001 жылғы
2001 жылғы 29 қыркүйек N 376
қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының
"Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны
(нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы"
2000 жылғы 20 шілдедегі N 301 қаулысымен бекітілген
Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны)
өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесіне өзгеріс

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20
шілдедегі N 301

V001232_

қаулысымен бекітілген Айналыстағы ұлттық
валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды
ауыстыру ережесіне мынадай өзгеріс енгізілсін:

15-тармақтағы "5 (бес) жыл" деген сөздер "10 (он) жыл" деген
сөздермен ауыстырылсын.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК